

ШАРТ

<сәйкестендіру нөмірі>

қызметтерді сатып алу туралы

<қызметтердің атауы>

<тапсырыс беруші аймағы>

<шарт күні>

<тапсырыс берушінің толық атауы>, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <тапсырыс беруші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӘ> атынан, бір жағынан және <жеткізушінің толық атауы>, <лицензия, рұқсат құжаты> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізушінің резиденттік белгісі> болып табылатын, бұдан әрі «Жеткізуші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізуші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӘ> атынан, екінші жағынан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталады, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылдың 27 тамыздағы №192 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан астам пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларының (бұдан әрі - Қағидалар) 17-тармағының 1) тармақшасына және <хаттама бекітілген күн> тендер тәсілімен <қызметтердің атауы> қызметтерін сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес мына төмендегілер туралы осы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасады.

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Тапсырыс беруші _____ сатып алу порталында тендер тәсілімен <қызметтердің атауы> (бұдан әрі - Қызметтер) қызметтерін сатып алуды өткізетіндігі туралы хабарландыруды орналастырды және Жеткізушіден <ҚҚС сомасын қоспағанда> _____ теңге ___ тиын (_____ теңге ___ тиын) мөлшеріндегі сомаға тендер өтінімін қабылдады.

1.2. Жеткізуші Шартта және Техникалық ерекше нұсқамада көзделген мерзімде және талаптарда Қызмет көрсету бойынша міндеттемені өзіне қабылдайды, ал Тапсырыс беруші Қызметтерді Шарттың талаптарына сәйкес қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.3. Төменде көрсетілген құжаттар мен оларда келісілген шарттар Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтқанда:

- 1) осы Шарт;
- 2) сатып алынатын тауарлардың (жұмыстардың/көрсетілетін қызметтердің) тізбесі (Шартқа 1-қосымша);
- 3) қызметтердің техникалық ерекше нұсқамасы (Шартқа № 2 қосымша);
- 4) ғимараттың, тұрақ-орын мен үй-жайдың сипаттамасы мен техникалық сипаттамалары (Шартқа № 3 қосымша);
- 5) Қызмет көрсетуге арналған тарифтер (Шартқа № 4 қосымша).

1.4. Шартта келесідей ұғымдар қолданылады:

- 1) _____ мекенжайы бойынша орналасқан ғимарат.
- 2) Үй-жай - сипаттамасы мен техникалық ерекше нұсқамасы Шартқа № 3 қосымшада көрсетілген ғимаратта орналасқан офистік үй-жай.
- 3) Тұрақ-орын - бұл ғимаратта орналасқан және Тапсырыс берушінің серверлік жабдығын орналастыруға арналған серверлік тірек орнатылған Үй-жай учаскесі.

2. ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫ ЖӘНЕ ТӨЛЕМ ТӘРТІБІ

2.1. Шарттың жалпы сомасы <ҚҚС қоса есептегенде> _____ теңге __ тиын (___ теңге __ тиын) (егер Жеткізуші ҚҚС төлеушісі болса) (бұдан әрі - Шарттың Жалпы сомасы) құрайды, осы сомаға _____ теңге __ тиын (___ теңге __ тиын) мөлшеріндегі Қызмет құны, <және _____ теңге __ тиын (_____ теңге __ тиын) мөлшеріндегі ҚҚС сомасы (егер Жеткізуші Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылса, Шарттың Жалпы сомасынан Шарттың 2.6, 2.7, 2.8 және 2.9-тармақтарының ережелерін ескере отырып, Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығы ұсталады)> кіреді. Шарттың Жалпы сомасына сақтандыруды, салықтарды, баждарды және басқа да төлемдерді төлеуді қоса алғанда, Жеткізушінің Қызметтерді көрсетуге байланысты барлық шығындары кіреді.

2.2. Шарт бойынша төлемді Тапсырыс беруші келесі тәртіпте Жеткізушінің банктік шотына ақша аудару арқылы жүргізеді:

2.2.1. Шарттың жалпы сомасы мыналардан тұрады:

- тұрақ-орынды жалға алу бойынша қызметтердің құны;
- Үй-жайды жалға алу бойынша қызметтердің құны;
- телекоммуникациялық қызметтерге қосылу құны (ілеспе қызметтер);
- телекоммуникациялық қызметтердің құны (ілеспе қызметтер).

2.2.2. Жалдау ақысы Тұрақ-орын мен Үй-жайды пайдаланғаны үшін төлемді білдіреді және келесі шығындарды қамтиды:

- кәрізді пайдалану;
- жылыту;
- қатты тұрмыстық қалдықтарды шығару;
- Шарт талаптарына сәйкес Үй-жайда орналасқан Тапсырыс берушінің Тұрақ-орны мен үй-жайын күзету және мүлкін сақтау;
- Үй-жайды газалау;
- дабыл сигнализациясының, күзет дабылы жүйелерінің, өрт дабылының, бейнебақылаудың және Тұрақ-орын мен Үй-жайға кіруді бақылаудың мониторингі.

2.2.3. Тұрақ-орын мен Үй-жайды жалға беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын, сондай-ақ телекоммуникациялық көрсетілетін қызметтердің құнын төлеуді Тапсырыс беруші тиісті ай үшін орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісіне (бұдан әрі - Акт) Тараптар қол қойған, Тапсырыс беруші төлем шоты мен шот-фактураны алған күннен бастап ай сайын 10 (он) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады;

2.2.4. Шартқа № 4 қосымшада айқындалған мөлшерде телекоммуникациялық қызметтерге қосылу құнына біржолғы ақы төлеу Тараптардың уәкілетті өкілдері Тұрақ-орын мен Үй-жайды қабылдау-беру актісіне қол қойған, Тапсырыс беруші төлем шоты мен шот-фактураны алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады;

2.2.5. Шарттың 2.2.1-тармағында көрсетілген Қызметтердің құны әрбір ай үшін (бір рет көрсетілетін телекоммуникациялық қызметтерге қосылу жөніндегі қызметтерді қоспағанда) тиісті айда көрсетілген қызметтерді ескере отырып, Шартқа № 4 қосымшада көрсетілген қызметтерді көрсетуге арналған тарифтер негізге алына отырып есептеледі.

Көрсетілген Қызметтердің нақты көлемі және Шарт бойынша төленуге жататын сома Актіде әрбір ай үшін көрсетіледі.

Шарттың жалпы сомасы Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған әрбір ай үшін Актілер негізінде нақты көрсетілген Қызметтер көлеміне қарай азайтылуы мүмкін.

2.3. Барлық салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленеді. Қазақстан Республикасының салықтарға, баждарға және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген бюджетке төленетін басқа да осы сияқты төлемдерге қатысты заңнамасы өзгерген жағдайда, Тараптар қосымша келісімге қол қою арқылы Шартқа тиісті өзгертулер енгізуге міндеттенеді.

2.4. Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлемдерді Шарт бойынша төлем жүргізілген күні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша ____ (валюта түрі) жүргізеді (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.5. Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе оны тиісті түрде орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасына Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзіне табыс салығы салынуы тиіс (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.6. Егер Жеткізуші кірістің түпкілікті алушысы және халықаралық шарт жасалған елдің резиденті болса, Тапсырыс беруші Шарттың Жалпы сомасын төлеген кезде тиісті халықаралық шартында көзделген салық салудан босатуды немесе төмендетілген салық мөлшерлемесін өз бетінше қолдануға құқылы (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.7. Халықаралық шарттың ережелерін қолдану тәртібі Жеткізушінің Қазақстан Республикасындағы қаражат көздерінен алынатын табыстарына қатысты қолданылады (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.8. Халықаралық шартты салық салудан босату немесе төмендетілген салық мөлшерлемесін пайдалану бөлігінде қолдануға Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарт бойынша соманы төлеу күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы салық заңнамасының талаптарына сәйкес келетін резиденттігін растайтын құжатты және бейрезидент заңды тұлғаның құрылтайшыларын (қатысушыларын) және мажоритарлық акционерлерін көрсете отырып, құрылтай құжаттарының нотариат куәландырған көшірмелерін не сауда тізілімінен (бейрезидент тіркелген мемлекеттің заңнамасында көзделген акционерлердің тізілімінен немесе өзге де ұқсас құжаттан) үзінді көшірмені табыс еткен жағдайда ғана рұқсат етіледі (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.9. Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құрылған жағдайда, Жеткізуші бейрезиденттің Қазақстан Республикасының салық органында салық төлеуші ретінде тіркелгенін растайтын құжатты ұсынған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығын ұстамастан табыс сомасын төлейді (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.10. Факсимильдік байланыс арқылы және/немесе өзге тәсілмен алынған құжаттардың заңды күші бар және оларды кейіннен келесі 5 (бес) жұмыс күні (Тапсырыс берушінің қаласынан тыс жердегі жеткізушілер үшін) ішінде түпнұсқаға ауыстыра отырып Тапсырыс беруші қабылдайды.

2.11. Жеткізушінің қажетті төлем құжаттарын уақтылы ұсынбауы Тапсырыс берушіні уақтылы төлемегені үшін жауапкершіліктен босатады.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

3.1. Тапсырыс беруші:

- 1) Жеткізушінің Шарт талаптарына сәйкес көрсеткен Қызметтерін Акті негізінде қабылдауға;
- 2) Жеткізушінің жазбаша сұратуы негізінде Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауы үшін оған қажетті құжаттарды (ақпаратты) және материалдарды ұсынуға;
- 3) төлемді Шарттың талаптарына сәйкес жүргізуге құқылы;
- 4) Жеткізушіге Шарттың орындалуын енгізілген қамтамасыз етуді Тапсырыс берушінің және Жеткізушінің уәкілетті өкілдері Актіге қол қойған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде және (немесе) Жеткізуші Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеген күннен бастап қайтаруға міндеттенеді.

3.2. Тапсырыс беруші:

- 1) Жеткізушіден Шарттың талаптарына сәйкес Қызметтердің толық көлемде және мерзімде тиісті түрде көрсетілуін талап етуге;
- 2) Қызметтер көрсету барысын және оның сапасын бақылайтын уәкілетті жауапты адамдарды тағайындауға;
- 3) Қызметтер көрсету, көрсетілген қызметтерді қабылдау-тапсыру процесінде кемшіліктер, ескертулер, сәйкессіздіктер, кемістіктер, қателер (бұдан әрі-ақаулар) анықталған жағдайда, анықталған ақаулар туралы жазбаша хабарлама жіберу жолымен Жеткізушіден оларды Шартта белгіленген мерзімде жоюды талап етуге не ішінара немесе толық төлеуден бас тартуға және Жеткізушіге дәлелді ақауларды жібере отырып, Актіге қол қоймауға; одан жазбаша бас тартуға;
- 4) Шартты кез келген кезеңде Шартта көзделген жағдайларда және тәртіпте біржақты тәртіппен бұзуға;
- 5) Шарттың 3.3-тармағының 8) тармақшасына сәйкес Жеткізушіден хабарлама алғаннан кейін жағдайды өз ұйғарымы бойынша бағалауға, Жеткізушінің кінәсінен туындамаған объективті себептер болған жағдайда Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін ұзартуға;
- 6) Шарттың осы тармағының 5) тармақшасында көзделген жағдайда, Жеткізушіден растау құжаттарын талап етуге;
- 7) Егер Шарт Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы не тиісінше орындамауы, не Шартта көзделген мерзімде және тәртіппен негіздер бойынша тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлемеуі салдарынан бұзылған болса, Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтармауға;
- 8) мүлікті қабылдау-беру Актісі негізінде қызмет көрсету орны бойынша сақтау үшін жеткізушіге мүлікті беруге құқылы.

3.3. Жеткізуші:

- 1) Қызметтерді Шартта және Техникалық ерекше нұсқамада көзделген мерзімде және талаптармен толық көлемде көрсетуге;
- 2) Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Қызмет көрсетудің барысы туралы ақпарат ұсынуға;

- 3) Қызметтерді білікті мамандардың көрсетуін қамтамасыз етуге;
- 4) Қызмет көрсету, көрсетілген Қызметтерді қабылдау-өткізу барысында Тапсырыс беруші ақауларды анықтаған жағдайда, анықталған ақаулар туралы Тапсырыс берушіден хабарламаны алған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күн ішінде өз есебінен жоюға;
- 5) Жеткізушінің ақауларды Шартта белгіленген мерзімде жоюы мүмкін болмағанда/оны жоюдан бас тартқан жағдайда, Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;
- 6) Шарттың қолданылу мерзіміне қарамастан Тапсырыс берушіден алынған конфиденциалды ақпаратты жарияламауға және оны құпия сақтауға;
- 7) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына немесе оны тиісті түрде орындамауына байланысты Шарт бұзылған жағдайда, Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;
- 8) егер Шартты орындау кезеңінде Жеткізуші кез келген сәтте Шартты уақытында орындауға кедергі келтіретін жағдайдарға тап болса, Жеткізуші Тапсырыс берушіге кешіктіру фактісі, оның болжанатын ұзақтығы мен себебі (себептері) туралы дереу жазбаша хабарлама жіберуге тиіс;
- 9) Шарт бойынша өз міндеттемелерін толығымен және де ішінара түрде басқа біреуге бермеуге;
- 10) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағанда немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;
- 11) Тараптар Шартқа қол қойған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Шарттың жалпы сомасының 3 (үш) пайызы мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуге.
- 12) Тапсырыс берушіге уақтылы тиісті түрде ресімделген Актілерді, төлем шоттарын және шот-фактураларды ұсынуға;
- 13) Тапсырыс берушіге Шарттың 4.1-тармағында көрсетілген мерзімге Тұрақ-орын мен Үй-жайды қабылдау-беру актісіне сәйкес тиісті жарамды күйде беруге;
- 14) Тапсырыс берушіге Шарттың талаптарына сәйкес төлем шоттарын, шот-фактураларды есепті айдан кейінгі айдың бесінші күнінен кешіктірмей, ал 2023 жылғы желтоқсаннан 2023 жылғы 25 желтоқсаннан кешіктірмей беруге;
- 15) Тапсырыс берушінің жауапты қызметкері болып табылатын ілесіп жүретін адамның міндетті түрде қатысуымен Тапсырыс берушінің және өзге де тұлғалардың жауапты қызметкерлерінің Тұрақ-орын мен Үй-жайына тәулік бойы еркін қол жеткізуді қамтамасыз етуге, бұл ретте Тапсырыс берушінің жауапты қызметкерлерінің қол жеткізуі тек олардың жеке басын куәландыратын құжаттар және Шарттың 4.3-тармағында көрсетілген Тапсырыс берушінің хаты негізінде ғана жүзеге асырылуға тиіс;
- 16) Шарттың 3.3-тармағының 15) тармақшасында көрсетілгендерден басқа басқа адамдарды Тұрақ-орын мен Үй-жайға жібермеуге;
- 17) Шарттың қолданылу мерзімі өткеннен кейін Тапсырыс берушінің Тұрақ-орын мен Үй-жайын қабылдауға;
- 18) Тараптармен келісілген мерзімде өз есебінен Үй-жайға ағымдағы және күрделі жөндеу жүргізуге;
- 19) Тұрақ-орындар мен Үй-жайларды тәулік бойы күзетуді қамтамасыз етуге;
- 20) Үй-жайды тұрақты тазалауды қамтамасыз етуге;

21) Тапсырыс берушінің Тұрақ-орын мен оған орнатылған серверлік жабдығын, үй-жайларын тәулік бойы электрмен жабдықтауды қамтамасыз етуге, сондай-ақ электрмен жабдықтау желілерінде үзілістер болған жағдайда, Тапсырыс берушінің үздіксіз жұмыс істеуі үшін, серверлік жабдықтың жұмысы, Тапсырыс берушіге тиесілі офистік техниканы және өзге де жабдықты пайдалануға, Үй-жайларды жарықтандыру бөлігінде орнықты электрмен жабдықтауды және үй-жайларды авариялық электрмен жабдықтауды көздеуге;

22) Үй-жайдың орналасқан жері бойынша жергілікті мемлекеттік атқарушы орган белгілеген жылыту маусымы кезеңінде үй-жайды жылытуды, сондай-ақ Үй-жайды тәулік бойы ыстық және суық сумен жабдықтауды, кәріздің жұмыс істеуін қамтамасыз етуге, оның ішінде жылыту, сумен жабдықтау және кәріз жүйелеріне техникалық қызмет көрсетуді және жоспарлы-алдын ала жөндеуді уақтылы және сапалы жүргізуді қамтамасыз етуге;

23) Тапсырыс берушіге Тұрақ-орын мен Үй-жайды неғұрлым тиімді пайдалану мақсатында консультациялық, ақпараттық және өзге де көмек көрсетуге;

24) Шартқа қол қойылғаннан кейін туындайтын ғимаратқа үшінші тұлғалардың барлық құқықтары туралы Тапсырыс берушіні жазбаша хабардар етуге;

25) Тапсырыс берушінің мүлікті сақтауға арналған Шартқа сәйкес мүлікті қабылдау-беру актісі бойынша Тапсырыс беруші берген мүлкінің сақталуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ мүлікті қабылдау-беру актісі негізінде оның бірінші талабы бойынша мүлікті Тапсырыс берушіге қайтаруға;

26) Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген Тұрақ-орында және Үй-жайда өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге және жауапты болуға, оның ішінде:

- Тұрақ-орын мен Үй-жайда орнатылған ғимараттардың өртке қарсы қорғау жүйелерінің (өрт дабылы мен өрт сөндірудің автоматты қондырғылары, түтінге қарсы қорғау жүйелері, өрт кезінде адамдарды эвакуациялауды құлақтандыру және басқару жүйелері және қолмен өрт сөндіргіштер) техникалық құралдарының жұмысқа қабілеттілігін қамтамасыз етуге;

- жылдық жоспар-кестеге сәйкес шарт бойынша мамандандырылған ұйым Тұрақ-орында және Үй-жайда орнатқан ғимараттардың өртке қарсы қорғау жүйелерінің техникалық құралдарына (өрт дабылы мен өрт сөндірудің автоматты қондырғылары, түтінге қарсы қорғау, өрт кезінде адамдарды құлақтандыру және эвакуациялауды басқару жүйелері және қол өрт сөндіргіштері) техникалық қызмет көрсетуді және жоспарлы-алдын ала жөндеуді уақтылы және сапалы жүргізуді қамтамасыз ету дайындаушы зауыттардың техникалық құжаттамасын ескере отырып жасалатын, және регламенттік жұмыстарды жүргізу мерзімдерімен өрттен қорғау жүйелерінің құралдары;

- азаматтық және әкімшілік мақсаттағы ғимараттар үшін Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген өрт қауіпсіздігі талаптарына Тұрақ-орын мен Үй-жайдың және оның инженерлік инфрақұрылымының сәйкестігін қамтамасыз етуге;

- Тұрақ-орын мен Үй-жайдың өртке қарсы қорғау жүйелерінің техникалық құралдарына техникалық қызмет көрсету және жоспарлы-алдын ала жөндеу, алғашқы өрт сөндіру құралдарының бар-жоғын және жай-күйін тексеру жөніндегі жұмыстардың есебін жүргізуге және оларды арнайы журналда көрсетуге;

- өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және Тұрақ-орын мен Үй-жайда өртке қарсы қорғау жүйелерін пайдалануға жауапты адамдарды тағайындауға және бұл туралы Тапсырыс берушіге хабарлауға;

- қондырғыны (жекелеген желілерді, хабарлағыштарды) немесе жүйені ажыратуға байланысты техникалық қызмет көрсетуге және жоспарлы-алдын алу жөндеу жөніндегі жұмыстарды орындау кезеңінде Тұрақ-орын мен Үй-жайды өрттен қорғау жөнінде қосымша шаралар қабылдауға, сондай-ақ заттар мен материалдарды ашық сақтау және технологиялық қондырғыларды орналастыру орындарында телефон нөмірін көрсете отырып, тақтайшаларды іліп қоюды қамтамасыз ету өртке қарсы қызмет, алғашқы өрт сөндіру құралдары мен ішкі өрт

крандары орналасқан жерлерде, сондай-ақ эвакуациялық шығу жолдарында тақтайшалар орнатуға;

- Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құқықтық актілерінде көзделген жағдайларда қажеттілік туындаған кезде Тапсырысшының еңбек қызметін Тұрақ-орын мен Үй-жайда жүзеге асыратын қызметкерлерімен немесе оның Тұрақ-орын мен Үй-жайға баратын клиенттерімен, сондай-ақ Шарт бойынша қызмет көрсету мақсатында Жеткізушіге Қызмет көрсететін Жеткізушілердің қызметкерлерімен өртке қарсы нұсқама жүргізуге.

27) Шарт бойынша өзінің басқа да міндеттемелерін орындауға міндеттенеді.

3.4. Жеткізуші:

1) Қызметтерді көрсеткен кезде бірлесіп орындаушыларды тартуға құқылы. Бұл ретте Жеткізушінің бірлесіп орындаушыларға жалпы Қызмет көлемінің үштен екі бөлігінен асатын Қызмет көлемін беруге рұқсат етілмейді;

2) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша Қызмет көрсету үшін қажет ақпараттын жазбаша түрде сұратуға;

3) Шарттың талаптарына сәйкес көрсетілген Қызметтер үшін төлем алуға **құқылы**.

3.5. Жеткізуші құқылы емес:

1) Тапсырыс берушінің келісімінсіз Тұрақ-орынмен және оған орнатылған Тапсырыс берушінің серверлік жабдығымен қандай да бір жұмыстар жүргізуге;

2) Тапсырыс берушінің келісімінсіз Үй-жайға кіруге және / немесе Үй-жайға үшінші тұлғаларды жіберуге;

3) Тапсырыс берушінің келісімінсіз Үй-жайды қайта жоспарлауды, қайта жабдықтауды, жөндеуді және өзге де өзгерістерді жүргізуге, сондай-ақ Шарттың қолданылу кезеңінде Үй-жайды иеліктен шығаруға және ауыртпалық салуға.

4. ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ОРНЫ

4.1. Қызметтер көрсету мерзімі - 2023 жылғы 1 сәуірден бастап 2023 жылғы 31 желтоқсанды қоса алғанда.

4.2. Қызметтер көрсету орны: Қазақстан Республикасы, Алматы облысы.

4.3. Шартқа қол қойылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Тараптар Шарт бойынша жауапты қызметкерлер туралы мынадай мәліметтерді бере отырып, бір-бірін жазбаша хабардар етеді: тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, жұмыс және ұялы телефондарының нөмірлері, жұмыс электрондық почтасының мекенжайлары.

4.4. Жеткізуші беруге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші ескертулер болмаған жағдайда, 2023 жылғы 1 сәуірден бастап Тұрақ-орын мен Үй-жайды иеленуге және пайдалануға қабылдауға міндеттенеді. Тұрақ-орын мен Үй-жайды қабылдауды және беруді Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қоятын Тұрақ-орын мен Үй-жайды қабылдау-беру актісі бойынша Тараптар жүзеге асырады.

4.5. Үй-жаймен бірге Жеткізуші Тапсырыс берушіге Тұрақ-орын мен Үй-жай орналасқан Ғимаратқа рұқсаттамалар мен кілттерді береді.

4.6. Тұрақ-орын мен Үй-жайды Жеткізушіге қайтару Тапсырыс беруші алған құжаттамамен, рұқсаттамалармен және кілттермен бірге Шартта рұқсат етілген қалыпты тозуды, сондай-ақ қайта жоспарлауды және жақсартуларды (өзгерістерді) ескере отырып, оны қабылдау сәтінде болған жағдайда жүргізіледі.

4.7. Егер Тараптар өзгеше келіспесе, Тұрақ-орын мен Үй-жайды қайтару 4.1-тармақта

көрсетілген Қызметтерді көрсету мерзімі аяқталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады. Немесе шартты мерзімінен бұрын бұзған күннен бастап және Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қоятын Тұрақ-орын мен Үй-жайды қабылдау-беру Актісімен ресімделеді. Тұрақ-орын мен Үй-жайды қайтару Тараптардың уәкілетті өкілдері Тұрақ-орын мен Үй-жайды қабылдау-беру Актісіне қол қойған сәттен бастап жүргізілді деп есептеледі. Тұрақ-орын мен Үй-жайды қабылдау-беру Актісінің бір данасы Тапсырыс берушіде, ал екіншісі - Жеткізушіде қалады.

4.8. Егер Жеткізуші хабарлама алып, Қызмет көрсетудегі ақауларды жою жөнінде тиісті шараларды уақтылы қабылдаса, Тапсырыс беруші Жеткізушіге қатысты Шарт бойынша Тапсырыс берушінің иеленуі мүмкін басқа да құқықтарына қандай да бір залал келтірмей, Жеткізушіге төлеуге жататын ақшалай қаражат есебінен жою жөнінде қажетті санкциялар мен шараларды қолдана алады.

4.9. Шарттың қолданылу мерзімі ішінде Тапсырыс беруші Шарттың 4.2-тармағында көрсетілген Қызмет көрсету орны бойынша сақтау үшін Жеткізушіге Мүлікті беруге құқығы бар.

4.10. Жеткізуші Шарттың қолданылу мерзімі ішінде Тапсырыс беруші берген мүлікті сақтауды жүзеге асырады және оны Тапсырыс берушіге оның бірінші талабы бойынша сақталуына қайтарады.

4.11. Тапсырыс берушінің мүлкін Жеткізушіге сақтауға қабылдау-беру және Жеткізушінің мүлікті Тапсырыс берушіге қайтаруы Тараптардың уәкілетті өкілдері мүліктің атауы, түгендеу нөмірі, саны, сыртқы жай-күйі көрсетілетін мүлікті Қабылдау-беру актісіне қол қою арқылы жүзеге асырылады.

5. КӨРСЕТІЛГЕН ҚЫЗМЕТТЕРДІ ҚАБЫЛДАУ-ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

5.1. Жеткізуші ай сайын Тапсырыс берушіге актіні, төлем шотын және шот-фактураны ұсынады.

5.2. Ескертулер болмаған жағдайда, Тапсырыс беруші ай сайынғы Актіге Жеткізушіден алған күннен бастап оған 5 (бес) жұмыс күні ішінде қол қояды.

Актінің бір данасы Тапсырыс берушіде, ал екінші данасы Жеткізушіде қалады.

5.3. Көрсетілген Қызметтер техникалық ерекше нұсқамада (Шартқа № 2 қосымша) көрсетілген талаптарға сәйкес келмеген (толық немесе ішінара) жағдайда Тапсырыс беруші Қызметтерді қабылдаудан бас тартуға құқылы. Бұл жағдайда, Жеткізуші сәйкессіздіктер анықталған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде өз есебінен анықталған ақауларды жоюға міндетті.

5.4. Жеткізуші Шарттың қолданылу мерзімі мен Қызмет көрсету мерзімі ішінде Тапсырыс берушіге үздіксіз, сапалы және уақтылы қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге кепілдік береді. Қызметтердің сапасы техникалық ерекше нұсқамада көрсетілген стандарттарға сәйкес келуі немесе одан жоғары болуы тиіс (Шартқа № 2 қосымша).

6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

6.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда, Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

6.2. Төтенше жағдайларды қоспағанда, Жеткізуші Шартта көзделген міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші өзінің басқа құқықтарына нұқсан келтірместен Шарт аясында Жеткізушіден тұрақсыздық айыбын өндіріп алады, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіге мынаны:

1) Шарттың 4.1 тармағында көзделген мерзімді бұзған жағдайда - кешіктірген әр күнтізбелік күн үшін Шарттың Жалпы сомасынан 0,1 % (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде, бірақ

Шарттың Жалпы сомасынан 10 % (он пайыздан) аспайтын мөлшерде өсімпұл;

2) көрсетілген Қызметтерде ақауларды жою мерзімін бұзған жағдайда - кешіктірген әр жұмыс күні үшін, ақауларды жою күнін қоса алғанда, Шарттың Жалпы сомасынан 0,1 % (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде, бірақ Шарттың Жалпы сомасынан 10% (он пайыз) аспайтын мөлшерде өсімпұл;

3) көрсетілген Қызметтердегі ақауларды жою мүмкін болмаған/оларды жоюдан бас тартылған жағдайда - Шарттың Жалпы сомасынан 10 % (он пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді.

6.3. Тараптың бірі Шарттың 7-бөлімін бұзған жағдайда, конфиденциалды ақпаратты жария еткен Тарап екінші Тарапқа Шарттың Жалпы сомасынан 10 % (он пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді. Бұл ретте Тапсырыс беруші өзінен алынған құпиялы ақпаратты жариялау салдарынан туындаған зиянды Жеткізушіден өтеуді талап етуге құқылы.

6.4. Шарт бойынша ақы төлеу мерзімі бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге кешіктірген әр жұмыс күні үшін төлеуге тиіс сомадан 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде, бірақ Шарттың Жалпы сомасынан 5% (бес пайыз) аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

6.5. Жеткізуші Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші төлем жасаған кезде Жеткізушінің келісімінсіз тұрақсыздық айыбы (өсімпұл, айыппұл) сомасын дербес түрде ұстап қалуға құқылы.

6.6. Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасын төлеу Тараптарды Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

6.7. Жеткізушінің Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу мерзімі Тапсырыс берушіден тиісті хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

6.8. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету толық көлемде ұсынылмаған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың орындалуын қамтамасыз етудің жеткізілмеген сомасының 1% (бір пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуі туралы талаптар болған кезде).

6.9. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету енгізілмеген не уақтылы енгізілмеген жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз ету сомасын қайтармайды (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы шарты болған кезде).

6.10. Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы не тиісінше орындамауы салдарынан Шарт Тапсырыс берушінің бастамасы бойынша біржақты тәртіппен бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын қайтармайды (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуі туралы талаптар болған кезде).

6.11. Жеткізуші Шарттың 3.3-тармағының 15) және 16) тармақшаларында белгіленген міндеттемені бұзған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге Тұрақ-орынға және/немесе Үй-жайға рұқсатсыз кірудің әрбір жағдайы үшін Шарттың жалпы сомасының 1 % (бір пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді, сондай-ақ Тапсырыс берушіге үшінші тұлғалардың құпия ақпаратты жария етуі салдарынан келтірілген және Үй-жайға және/немесе Тұрақ-орынға рұқсатсыз кіруді алған кезде залалды өтейді;

6.12. Жеткізуші Шартқа сәйкес Жеткізуші сақтауға қабылдаған Тапсырыс беруші мүлкінің

жоғалуына, жетіспеуіне және/немесе бүлінуіне жауапты болады және Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Тапсырыс беруші мүлкінің жоғалуы, жетіспеуі және/немесе бүлінуі, келтірілген залалдары туындаған кезде Тапсырыс берушіге өтейді.

6.13. Тапсырыс беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, ол Жеткізушіге жоғалған пайданы өтемейді және Жеткізуші келтірген нақты залал үшін ғана жауапты болады.

6.14. Жеткізуші, егер Шарт жасасу кезінде ол осы кемшіліктер туралы білмесе де, оны пайдалануға толық немесе ішінара кедергі келтіретін берілген Тұрақ-орындар мен Үй-жайлардың кемшіліктері үшін жауап береді.

6.15. Басқа жағдайларда Тараптар осы бөлімнің талаптарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Шарт талаптарын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін мүліктік жауаптылықта болады.

6.16. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде тараптар сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама, іскерлік әдеп және парасаттылық нормаларын, адал бәсекелестік қағидаттарын сақтауға міндеттенеді.

6.17. Осы Шарт сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар нәтижесінде жасалған жағдайда, уәкілетті мемлекеттік органдардың, мүдделі тұлғалардың немесе прокурордың талап қоюы бойынша сот Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен жарамсыз деп таниды.

7. ҚОНФИДЕНЦИАЛДЫЛЫҚ

7.1. Тараптар тұтастай алғанда Шарт талаптарын және ұсынатын Тарап конфиденциалды ретінде белгілеген барлық ақпаратты басқа Тарап аталған ақпаратты ұсынған Тараптың жазбаша рұқсатынсыз ешқандай үшінші тарапқа жария етпейтінін мойындайды, оған мына жағдайлар:

1) Жеткізушінің Шартты орындау үшін тартқан қызметкерлерге ұсынуы қосылмайды. Көрсетілген ақпарат осы қызметкерлерге конфиденциалды және шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажет көлемде ғана берілуге тиіс;

2) егер мұндай жария ету заңнамада ұйғарылатын немесе оған уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сұратуы негізінде жүзеге асырылатын жағдайлар қосылмайды.

7.2. Жеткізуші Шартты іске асыру мақсаттарынан басқа, жоғарыда аталған қандайда бір құжаттарды немесе ақпаратты Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз пайдаланбайды.

7.3. Конфиденциалды ақпарат жария етілген жағдайда, Тараптар Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

8. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ (ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ)

8.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе оны тиісті түрде орындамағаны үшін, егер ол Тараптар күні бұрын болжай алмаған және Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер еткен дүлей күштің: су тасқыны, жер сілкінісі және басқа табиғат апаттар, экологиялық апат, әскери іс-әрекеттер, террорлық актілер, азамат соғысы, халық толқулары, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер басталуы, Қазақстан Республикасының құқықтық актілерінің қабылдануы салдарынан болса, онда Тараптар жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күштің әсеріне ұшыраған Тараптың міндеттемелерді орындау мерзімі осындай жағдайлардың болуы кезеңіне ұзартылады.

8.2. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға мүмкіндігі жоқ Тарап, басқа Тарапқа Шарттың 8.1-тармағында көрсетілген жағдайлардың себептерін көрсете отырып, олардың басталғаны және тоқтағаны туралы жазбаша түрде дереу хабарлайды, сондай-ақ ол тиісті уәкілетті органның растайтын құжатын ұсынады. Жалпыға мәлім фактілер, дәлелді талап етпейді. Бұл ретте Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы, осыдан кейін бірде-бір Тарап басқа Тараптан қандай да бір шығынды өтеуді талап етуге құқығы жоқ.

8.3. Егер Тапсырыс берушіден өзге жазбаша нұсқаулар келіп түспесе, Жеткізуші Шарт бойынша міндеттемелерін орындауды ол қаншалықты орынды екеніне қарай жалғастырады және Шартты орындаудың көрсетілген міндеттемелерге қатысты емес балама тәсілдерін іздестіреді.

9. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

9.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды соттан тыс тәртіпте реттеу үшін барлық қажетті шаралар қабылдауға тиіс.

9.2. Тараптар келісімге келмеген жағдайда, даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібінде қаралады.

9.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі және даулар туындаған жағдайда, олар Тапсырыс берушінің орналасқан орны бойынша Қазақстан Республикасының соттарында қаралады.

10. ШАРТҚА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ

ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ ТАЛАПТАРЫ

10.1. Орналасқан орны және/немесе деректемелері өзгерген жағдайда, Тарап басқа Тарапқа тиісті шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша түрде хабарлайды.

10.2. Шарттың 10.1-тармағында көрсетілген өзгерістерді қоспағанда, Шартқа барлық өзгерістер қосымша келісіммен ресімделіп, оған Тараптар қол қояды.

10.3. Тапсырыс беруші мына:

- 1) Тапсырыс беруші Қағидалардың 14-тармағына сәйкес сатып алудан бас тартқан;
- 2) Жеткізуші ұсынған мәліметтерден дәйексіз ақпарат анықталған;
- 3) сатып алу қорытындысына әсер еткен сатып алу Қағидаларын және (немесе) талаптарын бұзу анықталған;
- 4) Тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) Жеткізушіге Қағидаларда көзделмеген жәрдем көрсеткен;
- 5) егер Жеткізуші банкрот немесе төлемге қабілетсіз болған, сондай-ақ тиісті сот процесіне тартылған жағдайда, Шартты кез келген сатыда біржақты тәртіпте бұзуға құқылы. Мұндай жағдайда бұзу дереу жүзеге асырылады және Тапсырыс беруші Жеткізушіге қатысты ешқандай қаржылық жауапкершілік атқармайды;

6) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда, Шартты кез келген сатыда біржақты тәртіпте бұзуға құқылы. Бұл ретте Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады;

7) Шартты одан әрі орындау мақсатқа лайықты болмаған жағдайда, кез келген сатыда біржақты тәртіпте Шартты бұзуға құқылы.

10.4. Шарт біржақты тәртіпте бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шартты болжанатын бұзу күніне дейін күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын Шарттың бұзылуы туралы жазбаша хабарлама жібереді, осы мерзім өткеннен кейін Шарт бұзылды деп саналады. Хабарламада Шартты бұзу себебі, жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзу күні көрсетілуге тиіс.

11. ШАРТТЫҢ КҮШІНЕ ЕНУ ТАЛАБЫ

11.1. Шарт Жеткізуші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді толық көлемде енгізген күннен бастап күшіне енеді және Тараптар ол бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

12. ШАРТ ТІЛІ

12.1. Шарт заңды күші бірдей мемлекеттік тілде және орыс тілде электрондық түрде жасалды.

13. ӨЗГЕ ТАЛАПТАР

13.1. Шартқа қосымша (қосымшалар) Шарттың ажырамас бөлігі (бөліктері) болып табылады.

13.2. Тараптардың біреуі қайта ұйымдастырылған жағдайда, Шарт бойынша құқықтары мен міндеттері тоқтатылмайды және Тараптардың құқықтық мирасқорларына өтеді.

14. ТАРАПТАРДЫҢ ОРНАЛАСҚАН ОРНЫ ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

Тапсырыс беруші:

<Тапсырыс берушінің толық атауы>
<Тапсырыс беруші орналасқан орынның заңды мекенжайы>
<Тапсырыс беруші орналасқан орынның нақты мекенжайы>
<Тапсырыс беруші нің ЖСК>
<банк атауы>
<Тапсырыс берушінің БСН>
<Тапсырыс берушінің БСК>
<Тапсырыс берушінің БЕК>

Тапсырыс беруші атынан

_____ <қол қоюшының аты-жөні>
М.О. (қолы)

Жеткізуші:

<Жеткізушінің толық атауы>
<Жеткізуші орналасқан орынның заңды мекенжайы>
<Жеткізуші орналасқан орынның нақты мекенжайы>
<Жеткізушінің ЖСК>
<банк атауы>
<Жеткізушінің БСН>
<Жеткізушінің БСК>
<Жеткізушінің БЕК>

Жеткізуші атынан

_____ <қол қоюшының аты-жөні>
М.О. (қолы)

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК - банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН - төлеушінің есептік нөмірі;

ҚҚС - қосылған құн салығы;

Т.А.Ә. - аты-жөні.

Портал заңуок Национального Банка Республики Казахстан

ДОГОВОР

<идентификационный номер>

о закупках услуг

<наименование услуг>

<регион заказчика>

<дата договора>

<полное наименование заказчика>, именуемое (-ый, -ая) в дальнейшем «Заказчик», в лице <должность и ФИО подписанта заказчика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с одной стороны, и <полное наименование поставщика>, являющееся (-ийся) <признак резидентства поставщика>, действующее (-ий) на основании <лицензия, разрешительный документ>, именуемое (-ый) в дальнейшем «Поставщик», в лице <должность и ФИО подписанта поставщика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», в соответствии с подпунктом 1) пункта 17 Правил приобретения товаров, работ и услуг Национальным Банком Республики Казахстан, его ведомствами, организациями, входящими в его структуру, и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия в уставном капитале) которых принадлежат Национальному Банку Республики Казахстан или находятся в его доверительном управлении, и аффилированными с ними юридическими лицами, утвержденных постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 27 августа 2018 года №192 (далее - Правила), и протоколом об итогах закупок услуг <наименование услуг> способом тендера <дата утверждения протокола>, заключили настоящий договор (далее - Договор) о нижеследующем.

1. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА

1.1. Заказчик на портале закупок _____ разместил объявление о проведении закупок услуг <наименование услуг> (далее - Услуги) способом тендера и принял тендерную заявку Поставщика на сумму _____ тенге ___ тиын (_____ тенге ___ тиын), <без учета суммы НДС>.

